









## ЖАРМА



Алматы облысында ҚР Туризм және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен 12-21 қыркүйек аралығында өткен «Ақ бидай» республикалық VIII ауыл спорты ойындары өз мәресіне жетті. Бұл жарыста еліміздің әр өңірінен келген мықты спортшылар ұлттық спорт түрлері бойынша бақ сынады.

## ҚОЛА ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Сайыста Жарма ауданы, Шар қаласының тумасы Төлеухан Ильяс 94 келі салмақ дәрежесінде аударыспақтан бақ сынап, қола жүлдені иеленді. Бұл жетістік – тек спортшының ғана емес, тұтас өңірдің мерейін үстем еткен жеңіс болды. Жігерлі жастың қайсарлығы мен табандылығы жас буынға үлгі болары сөзсіз. Ұлттық спорттың дамуына үлес қосып жүрген Ильястың табысы облыс спортшыларына үлгі болары анық.

## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АЯСЫНДА СЕНБІЛІК ӨТТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Жарма ауданында жалпы халықтық сенбілік ұйымдастырылды. Тазалық – әр азаматтың ортақ міндеті

Сенбілікке аудан әкімі Нұрлан Борсықбаев өзі қатысып, тұрғындармен бірге тазалық жұмыстарына атсалысты. Шара барысында ауылдағы саябақтар мен қоғамдық орындарда қоқыс жиналып, абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Бұл игі іс елді мекеннің ажарын ашып қана қоймай, тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға да бағытталды.

Жұртшылықтың белсенділігі жоғары. Іс-шараға мекеме қызметкерлері, округ әкімдіктері, білім беру ұйымдары мен жергілікті тұрғындар белсенді түрде қатысты. Өрбір азамат өз ауылына, туған жеріне жауапкершілікпен қарау қажеттігін сезініп, сенбіліктің маңыздылығына үлес қосты. Сенбіліктің басты мақсаты – жұртшылықты қоршаған ортаны таза ұстауға, табиғатқа жанашырлықпен қарауға шақыру. Ауыл келбетін жақсарту арқылы тұрғындарға қолайлы жағдай жасау және болашақ ұрпаққа таза табиғат қалдыру көзделді.

«Таза Қазақстан» акциясы Жарма ауданында алдағы уақытта да жалғасын табады.

Өз тілшіміз



## КӨКПЕКТІ

Жылдағы «Алтын күз» мерекесіне орай Тасасай ауылындағы Әуезов атындағы орта мектепте дәстүрлі дала жарысы ұйымдастырылды. Бұл спорттық шараға әр сыныптан оқушылар белсене қатысып, өздерінің ептілігі мен төзімділігін сынап көрді.

## ДӘСТҮРЛІ КҮЗГІ ДАЛА ЖАРЫСЫ ӨТТІ



## ҮРЖАР

## ЖОЛДАУ ЖАЙЫНДА БАС ҚОСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жариялаған «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауын кеңінен талқылау мақсатында «АМАНАТ» партиясы Үржар аудандық филиалы тарапынан бірқатар жұмыстар атқарылып жатыр.

Соның бір көрінісін партия мүшелері мен белсенділерінің еңбек ұжымдарымен, бастауыш партия мүшелерімен кездесіп, Жолдауды талқылау кездесулерін өткізуінен көруге болады.

Атап айтқанда, партия филиалының атқарушы хатшысы Елдос Бейсенов Үржар ауылындағы бастауыш партия ұйымының мүшелерімен, Мақаншы ауылындағы Мәдениет үйі қызметкерлерімен кездесіп, Жолдаудың басым бағыттарына кеңінен тоқталды. Маңызды басқосуға келгендер көзқарастарын білдіріп, пікір алмасты.

Аудандық мәслихат депутаттары тарапынан да Жолдауды талқылау кездесулері өтуде. Аталған бағыттағы жүйелі жұмыстар алдағы уақытта жалғаса бермек.

С. КӘРІПБАЕВ



Өз тілшіміз

## ЖАҢАСЕМЕЙ

## ҚЫСҚЫ ДАЙЫНДЫҒЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Көкентау ауылдық округінде әлеуметтік нысандардың қысқы маусымға әзірлігі назарда ұсталып отыр. Осы мақсатта округ әкімі Нұржан Оразбекұлы бірқатар нысандарды аралап, дайындық жұмыстарымен танысты.


Аралау барысында ол мектептің жылу қазандығына бас сұғып, қазандықтың техникалық жағдайын және атқарылып жатқан жөндеу шараларын бақылады. Сондай-ақ көмір қорының жеткіліктілігіне ерекше мән берді. Бұл – алдағы суық кезеңде оқу үдерісінің үздіксіз жүруін қамтамасыз етудің басты кепілі.

Округ басшысы нысандардағы дайындықты уақытылы әрі сапалы аяқтау қажеттігін атап өтіп, жауапты мамандарға нақты тапсырмалар берді. Көкентау ауылында атқарылып жатқан бұл жұ-

мыстар тұрғындардың қысқы маусымда жайлы жағдайын қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар, Көкентау ауылдық округінде қысқы мал азығын дайындау жұмыстары жүргізілуде. Ауыл тұрғындарын қыстық мал азығымен қамту мақсатында шабылған шөп арнайы техникалармен ауыл ішіне жеткізіліп, қора-жайларға түсіріліп жатыр.

Бұл жұмыстар мал қыстату науқанының ойдағыдай өтуіне жағдай жасап, тұрғындардың қыс мезгілін қиындықсыз еңсеруіне мүмкіндік бермек.

Роллан АМАНТАЙҰЛЫ



Жаңасемей аудандық білім бөлімінің басшысы Н. Масғұт оқу орындарының жаңа оқу жылына дайындығын тексеру мақсатында бірқатар мектептерді аралады. Ол Шүлбі жалпы орта білім беретін мектебі мен А. Ибраев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде жүргізіліп жатқан ағымдағы жөндеу жұмыстарының барысымен танысты.

## МЕКТЕПТЕРДЕГІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ НАЗАРДА

Жөндеу жұмыстарының негізгі бағыттарына келер болсақ, сапар барысында білім бөлімі басшысы мектептердің жылыту жүйесін жөндеу, сынып бөлмелерін сырлау, есік-терезелерді ауыстыру және шатырды қалпына келтіру жұмыстарын бақылады. Өрбір атқарылып жатқан іс сапа талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс екеніне назар аударды. Осы орайда мердігерлерге нақты тапсырмалар да берілді.

Н. Масғұт мердігер ұйым өкілдерімен кездесіп, олардың жұмыс барысын тыңдады. Ол жөндеу жұмыстарының уақытылы әрі сапалы аяқталуының маңыздылығын атап өтіп, оқу жылы басталғанға дейін барлық жұмыстардың толық аяқталуын қамтамасыз ету қажеттігін тапсырды. Басты мақсат – сапалы білім беру жағдайын жасау. Жөндеу жұмыстары аяқталған соң мектептердегі оқушыларға қолайлы жағдай жасалып, білім беру процесі еш кедергісіз жүруіне жете мән беріледі. Бұл – балалардың сапалы білім алуына және ұстаздардың тиімді еңбек етуіне мүмкіндік беретін маңызды қадам.

«ST-ақпарат»



## МАҚАНШЫ

## ЖАРБҰЛАҚ МЕКТЕБІНІҢ ЖАҒДАЙЫН КӨРДІ

Мақаншы ауданының әкімі Дәурен Бақытжанұлы жұмыс сапары аясында Қабанбай ауылындағы Жарбұлақ орта мектебіне барды.

Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ  
«Semei tany»



Сапар барысында аудан басшысы жаңа оқу жылының басталуына байланысты білім беру үдерісімен, мектеп ішіндегі санитарлық жағдаймен және оқу кабинеттерінің дайындығымен танысты. Сонымен қатар, оқушыларды тамақтандыру орны – асхана жұмысының ұйымдастырылуын қарап, тағам сапасы мен гигиеналық талаптарға сай болуын назарға алды.

Аудан әкімі мектептің жылу беру маусымына дайындығы – жылыту қазандықтарының техникалық жай-күйіне де ерекше назар аударды. Қазандықтардың жұмысқа толық дайын болуы, қауіпсіздік талаптарының сақталуы бойынша нақты тапсырмалар берілді.

Мақсаты – оқушылардың қауіпсіз әрі қолайлы білім алуына толық жағдай жасау. Аудан әкімдігі тарапынан мектептердегі дайындық жұмыстары ұдайы бақылауда.

## МҰХАМЕДСАДЫҚ КҮМІС МЕДАЛЬМЕН ОРАЛДЫ

Астана қаласында өткен «Children Paralympic Genes-2025» спорт фестивалі аясында ұйымдастырылған Бочча спорты бойынша республикалық турнирде Мақаншы ауданының тұрғыны Мұхаммедсадық Мұхаммедсерікұлы 19-35 жас аралығындағы спортшылар арасынан II орынды иеленіп, күміс медаль иегері атанды.

Жеңімпаз спортшыны аудан әкімі Дәурен Қойгелдин мен ауылдағы туған күнімен әрі жеңісімен арнайы құттықтап, мерекелік марапат табыстады.

Бұл жетістік – сіздің табандылығыңыздың, жігеріңіздің және спортқа деген шынайы сүйіспеншілігіңіздің жарқын көрінісі. Сіздің жеңісіңіз – ауданымыздың ғана емес, барша қоғам үшін үлкен мақтаныш, – деді аудан басшысы.

Мақаншы ауданы әкімдігі Мұхаммед Серікұлын жүрек жарды құттықтай отырып, алдағы уақытта да спорттағы жетістіктері арта түсіп, жастар мен ерекше жандарға үлгі бола беретініне сенім білдіреді.







